

2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі өнеркәсіп

Жариялау күні: 16.05.2025
Келесі жариялау күні: 17.06.2025

1. Түйінді тұстары
2. Есепті кезеңдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері
3. Глоссарий
4. Әдістеме
5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары


2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің индексі (бұдан әрі – ӨӨИ) 106,6% құрады. Өндірістің өсуі тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда – 7,1%, өңдеу өнеркәсібінде – 7,2% байқалады.

Өңірлер арасында едәуір өсу Алматы, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Түркістан облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында белгіленді.

2. Өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

2025 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өнімдері 18989 млрд. теңгеге өндірілді, оның ішінде кен өндіру саласында – 8711,7 млрд.теңгеге (жалпы көлемнен 45,9%), өңдеуде – 8802,8 млрд. теңгеге (46,3%).

Өнеркәсіптік өндіріс индексі



Серпінді кестелер:

[Қазақстан Республикасының қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индексі](#)
[Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің өңірлер бөлінісінде көлемі](#)

Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік өндірістің индекстері

пайызбен

	2025 жылғы қаңтар-наурыз	2025 жылғы сәуір		2025 жылғы қаңтар-сәуір
		2024 жылғы қаңтар-наурызға	2024 жылғы сәуірге	
Өнеркәсіп	106,7	97,3	106,2	106,6
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	106,1	96,0	110,1	107,1
Өңдеу өнеркәсібі	108,7	100,2	102,9	107,2
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	97,2	83,6	102,4	98,5
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	93,9	98,7	93,7	93,8

Көмір (111,2%), шикі мұнай (108,8%), металл кендерін (101,4%), өзге де пайдалы қазбаларды (120,3%) шығарудың артуына байланысты 2025 жылғы қаңтар-сәуірде тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда ӨӨИ 107,1% құрады.


Өңдеу өнеркәсібінде 2025 жылғы есепті кезеңде 2024 жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда ӨӨИ 107,2%-ды құрады. Өсу тамақ өнімдері өндірісінде – 12%, сусындар – 6,1%, темекі өнімдері – 26,3%, кокс және мұнай өңдеу өнімдері – 13,7%, химия өнеркәсібі – 11,2%, резеңке және пластмасса бұйымдар – 8,1%, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру – 12,9%, металл құюдан басқа қара металлургия – 5,1%, машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіруде – 21,6%, машина жасауда – 11,2% белгіленді.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемдерінің – 1,5%, құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және таратудың 7,6% төмендеуі есебінен ӨӨИ 98,5% құрады.

Сумен жабдықтау, суды бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте 2025 жылғы қаңтар-сәуірде ӨӨИ 93,8% құрады. Суды жинау, тазарту және бөлу көлемдері – 11,1%, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру) 3% төмендеді.

Өндіріс көлемінің өсуі республиканың 17 өңірінде тіркелді, төмендеу Ұлытау, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында белгіленді.

Өнеркәсіптік өндірістің индексі



Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасы өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

3. Глоссарий

Өнеркәсіптік өндірістің құндық көріністегі көлемі – өзінің күрделі құрылыс тараптарына және өнеркәсіптік емес бөлімшелерге өткізуге немесе өзінің қызметкерлеріне еңбек ақы есебінде беруге, сондай-ақ тапсырыс бойынша орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған

кәсіпорындардың өзі шығарған (өз шикізаты және материалдарымен қатар, тапсырыс берушінің шикізаты және материалдарынан дайындалған), барлық дайын бұйымдардың (өнімдердің), жартылай фабрикаттардың құны.

Заттай көріністегі өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі – бұл өнімнің нақты түрлерінің заттай көріністегі шығарылымы. Заттай көріністегі өнеркәсіптік өндіріс көлемі жалпы шығарылым, аталған кәсіпорын ішінде өнеркәсіптік-өндірістік қажеттіліктеріне жұмсалған және өңделме шикізаттан өндірілген өнімдер қоса есептеледі.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі – бұл салыстырылып отырған кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Өнеркәсіптік өнімдер (тауарлар, қызметтер) көрсеткіштерін қалыптастыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындардың, қосалқы қызмет түрі «Өнеркәсіп» болып табылатын кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер, шаруашылық және фермерлік қожалықтардың жалпы мемлекеттік статистикалық бақылауларының бастапқы деректері ақпараттық база болып табылады.

Өнеркәсіптік өндіріс индексі есептеу үшін жеке (тауарлық) индекстерді экономикалық қызмет түрлері бойынша индекстерге келесі кезең-кезеңмен агрегациялау өкіл-тауарлардың белгіленген жиыны (себет) бойынша заттай көріністегі серпініне негізделген әдісі қолданылады. Іріленген жиынтықтар үшін индекстер осы жиынтықтарды құрайтын элементтерден орташа өлшем ретінде есептеледі.

Неғұрлым толығырақ әдістемелік түсініктемелер келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Өнеркәсіптік өндірістің индексі есептеу Әдістемесі](#)

[Өнеркәсіптік өнімдердің \(тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің\) көрсеткіштерін қалыптастыру және жалпы шығарылымын есептеу жөніндегі әдістеме](#)

5. Жарияланымдарға қатысты сілтемелер

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасының өнеркәсібі»](#)

[Статистикалық жинақ «Қазақстан Республикасы бойынша шикізаттың аса маңызды түрлерінің, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдердің және тұтыну тауарларының ресурстары мен пайдалану баланстары»](#)

[Статистикалық бюллетень «Қазақстан Республикасында өнімнің \(тауарлардың\) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану»](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру және жөнелту туралы есебі» \(индекс 1-П, айлық\)](#)

[Статистикалық нысан «Кәсіпорынның өнім \(тауарлар, көрсетілетін қызметтер\) өндіру туралы есебі» \(индекс 1-П, тоқсандық\)](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі/www.taldau.stat.gov.kz/Негізгі/Статистика бөлімдері/Өнеркәсіптік өндірістің статистикасы](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры А. Исабекова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: С. Тілеуберген Тел. +7 7172 749309 E-mail: sy.tileubergen@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы